

Бюджеттік қарыздар бойынша есептеу жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 1835

Қазақстан Республикасы президентінің Іс Басқармасының "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясы орындаған аса маңызды ұшуларға ақы төлеу бойынша берешекті қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджет пен "Қазақстан әуе жол" ұлттық акционерлік авиакомпаниясы арасындағы республикалық бюджет алдындағы заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы жөніндегі жалпы сомасы 60 (алпыс) млн. теңге берешекке бір жолғы есептеу жүргізісін.

Аталған сома "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясының аса маңызды ұшуларда көрсеткен қызметі үшін берешектерін қайтаруға Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының қаржыландыру шотына есептелсін.

2. Берешектерді есептеу 1995 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша аталған сома бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсетіле отырып жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары